


Шығыс Қазақстан мәдениет, архивтер және құжаттама  
басқармасының «Шығыс Қазақстан Облыстық балалар  
және жасөспірімдер кітапханасы» КММ

## Мен кімін?



**Бақытжан Раисова**

**Дайджест**

Өскемен  
2018

**Ақын, жазушылар одағының  
мүшесі, облыстық,  
республикалық мүшәйралардың  
жеңімпазы**

*Ақын көп болса, ақыл көп болады!  
Жыр жүдемесін, өлең өміршең  
болсын, ақын халықтың ауызынан  
өлең – жыр өрби берсін!*  
*Серік Ғабдуллаұлы*

## АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқырман! Сіздердің назарларыңызға, жерлесіміз ақын, жазушылар одағының мүшесі, облыстық, республикалық мүшәйралардың жеңімпазы Бақытжан Раисоваға арналған дайджесімізді ұсынамыз. Мұнда сіздер, ақынның өмірі мен шығармашылық жолдары және кітапханамыздағы әдебиеттерімен таныса аласыздар.

Дайджест жоғарғы сынып оқушылары мен балалар оқуының басшыларына арналған.



## Өмір жолы мен шығармашылығы



Раисова Бақытжан Мұқтарханқызы (1959 жыл 6 қазан Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Еңбек ауылы) - акын.

1976 жылы көршілес Шыңғыстай аулындағы орта мектепті бітірді. 14 жасынан өлең жазып, әдебиетке деген ерекше құштарлығымен көзге түскен.

1965-1967 жылдары Москвадағы сценаристер мен режиссерлер дайындайтын жоғарғы курсты тәмәмдаған.

1976 жылы Бақытжан Раисова С. М. Киров атындағы (қазір Әл Фараби атында) Қазақ Мемлекеттік университетіне қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне оқуға түседі. Жоғарғы оқу орнын үздік аяқтаған Бақытжан 1981 жылы «Қазақ университеті» газетінде қызмет атқарады. 1982 жылы Катонқарағай ауданындағы Аршаты ауылына оралып мұғалім болып қызмет істейді. 1984-1985 жылдары Бақытжан Раисова аудандық «Арай» газетінде аудармашы-тілші ретінде қызметте болады. Өзінің жүрек қалауымен әдебиетші ұстаздық жолға бет бұрады. 1987 жылдан 1997 жылға дейін ауданның танымал әдебиетші ұстазы атанады. 1995 жылы ұлы акын Абай Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына орай Алматыда өткен конференцияда Бақытжанға «Білім беру ісінің үздігі» атағы беріледі.

1997-2007 жылдары ол Өскемен қаласындағы Ахмет Байтұрсынов атындағы гуманитарлық-эстетикалық дамыта оқыту бағытындағы мектепте ұстаздық қызметін жалғастырады.

Оның өлеңдері «Қазақ әдебиеті», «Жас алаш», «Дидар», «Арай» газеттерінде, «Жұлдыз», «Ақ Ертіс», «Қазақ тілі мен

әдебиеті» журналдарында, «Балауса» студент-жастар топтамасында, «Ағажай, Алтайдай жер қайда-ай» жинағында, «Алтай әуендері» атты топтама-хрестоматияда жарияланған.

Б. Раисованың 2000 жылы «Білім» баспасынан «Ай мен Алтай», 2005 жылы «Елорда» баспасынан «Сезім сәулесі» жыр жинақтары басылып шыққан. 2009 жылы «Ғасырдың мұңы» баспадан шығады. Өз заманының толғақты мәселелерін сезім сәулелерімен өрнектей білген ақын әрі ұстаз Б. Раисова қазір Өскемен қаласындағы Дарынды балаларды оқытатын гимназияда қызмет істейді.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

Раисова Бақытжан // Шығыс жұлдыздары [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық : екі томдық - Астана, 2011. – Т. 1: Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары. - Б. 140.

*Аннотация: "Шығыс жұлдыздары" деп аталатын бұл томда өңірдің танымал таланттары, әр саладағы өзіндік үні бар өкілдері, Бақытжан Раисова және арғы-бергі тарихтағы көрнекті адамдары жайлы қысқаша өмірбаяндық деректер топтастырылған.*

### **Ақын туралы айтылған ойлар:**

Бақытжан Раисова - өзінің сыршылдығымен, ойшылдығымен, тек өзіне ғана тән жазу мәнерімен көпке бірден танылған ақын.

Бақытжан — өнердегі балаңдықты, қалам ұштау мен қалыптасуды ұзақ тәжірибе етпеген талант. Бір сөзбен айтқанда ол - үйреніп ақын болмаған, о баста ақын болып туған үлкен дарын иесі.

*Дидахмет ӘШІМХАНҰЛЫ, жазушы,  
Халықаралық «Алаш» сыйлығының  
иегері.*

Бақытжан Раисова ақ өлеңмен жазады. Ол техникалық қулықтан ада — қазақтың кара өлеңі мен жыраулар жыры, фольклорлық сарын мирасқоры. Бақытжан Мұхтарханқызының қазақы болмысы маған өткен ғасырдағы қаймағы бұзылмаған елдік дәстүр жұрнағындай сезіледі.

Ең талғампаз, кірпияз зерттеуші қазақ поэзиясында Бақытжан Раисованың орнын дереу танып қояр еді. Әйелден ақын шықпайды деп ойлайтын, құдай әуелден биік жаратқан мықты ер ақындар даусыз мойындайтын ақын бұл Бақытжан. Олар Бақытжан Раисова жырларын оқыса, «Әйелден мықты ақын шығады, бірақ таңдаулысы бірен-саран» деріне еш шүбәм жоқ. Алтайда қарды тесіп бәйшешек өседі ғой. Бақытжан Раисова маған сол бәйшешек сияқтанады.

*Айгүл КЕМЕЛБАЕВА, жазушы,  
«Дарын» мемлекеттік Жастар  
сыйлығының иегері*

**Өлендері:**

## **АЛТАЙ**

Алтайым, төсің - жаннат, төрің құтты,  
Көрмедім сенен асқан керімдікті.  
Құлын мүше, ботакөз сұлулықты  
Тал бойына жинаған жерім мықты.

Алтай таудың басынан Ай көрінер,  
Әуелгі әсемдікке сай көрінер  
Күміс таулар керуені әлдеқашан  
Тоқтап қалған секілді жай көрінер.



## ӨСКЕМЕН - КӨП ҰЛТТЫҢ ҚАЛАСЫ

Өскемен - көп ұлттың қаласы,  
Айдыны - қазақтың даласы.  
Ағызып көзінің сорасын,  
Жасырып ғасырлық жарасын.  
Аяқты алшаң басуға  
Халықтың келмеген шамасы.

Бекініп ... бекініс салдырған,  
Тарихта киянат қалдырған.  
Кен теуіп керзімен,  
Жер тесіп гүрзімен,  
Таулардың иығын талдырған.

... Көнбедім, көне алмайды екенмін,  
Үш жүз жыл жасаған кәртәміш.  
Көздерін шел басқан зорлыққа.  
Қалайша шүкірлік айтамыз,  
Несіне қорқамыз?!

Кенеттен ат басы бұрылып,  
Бұсанған далаға қала таң.  
Кешегі «қалбаға» түйілген жұдырық  
Бүгінде - жайылған алақан.

### АЛҒАШҚЫ МАХАББАТ

Сүйікті еді ай секілді жүзгені,  
Залалы мол, зәһарлы орта сұлуы.  
Ақша жүзін бояп райхан гүлдері  
Көз жауын ап сән-салтанат құруы.

Алма бетті аймалаппын аңғармай,  
Тұла бойы жүрек екен - жан дене.  
Жақындап ем, ақ төсіне қол бармай,  
Тас секілді томпаяды әлдене.

Бір тылсым күш жібермеді тор қалың,  
Үркек сезім алып қашты , өкінем.  
Ақылынан адасқандай қолдарым,  
Ұйқылы-ояу кезеді айдың бетімен.

Жымиысы жеңді тартыс-арбауда,  
Ақымақ боп қалдым солай мен үнсіз.  
Ішінде тек сағат тілі қалғандай  
Сенделеді босаған бас сенімсіз.

Осылайша жұлдыз қаңғыр күр кеуде  
Ай жарықтық түн түнегін тілгенде.

### **ҒАШЫҚТЫҚ**

Тэнге деген ғашықтық шалажансар,  
Жан сұлуын ғұмыры адам аңсар,  
Тэнге деген ынтықтық айнымалы  
Күмәнді онда ләззатты қайғы бары.

Ата-бабам сарғайған санаменен,  
Ақиқатқа айналып бара берем.  
Аймалап, өртенудің кетті сәні  
- Ерікті жан шырқырап көкке ұшады.

Махаббатты қайтесің сатылатын,  
Мың бір түндік күнәға батыратын.  
Іңкәр сезім-айнымас адалдығым  
Желбіретті ақ туын санам бүгін.

Толық ғашық болмайсың сезімменен,  
Ақыл патша қорсынып көз ілмеген,  
Қайыптың жаңғыртқанда атын аймақ  
Ақ Бөбек отыратын ақыл ойлап...



Тән суынып, кеудеден жан алғанша,  
Сезімін сездірмеген адам қанша.  
Бінтазарлық парасатпен қауышқанда,  
Не жетсін жан-тәніңмен табысқанға.

## ТУҒАН ЖЕР ӘУЕНДЕРІ

Қайда менің қанаттарым жоғалған,  
Қайда, қайда мөлдіреген сол арман.  
Таулар қалды туған жерді құшақтап,  
Мен де қалдым, артық емен солардан.

“Көл” аталған басқа атау таба алмай,  
Тұншығасың толқып, тасып, аға алмай.  
Тәңірінің төге салған көз жасы —  
Дөңгеленіп тұрып қалған тазармай.

Бірде ысытып, бірде бұрқап жауыны,  
Бұқтырыманың басылмаған солығы.  
Таудан түсіп келе жатыр аяндап,  
Алмас қылыш ақ боранның жорығы.

Көшкен жұртты құлазытты қалайда,  
Арса-арса ағаштарым тоғайда

Адуын су албастысы ұстаған  
Мұз жастанып, қар төсенген оңай ма.

Тауға елтіген қызу көңіл қыраулап,  
Жер түбі боп тыншу тапты бұл аймақ.  
Сары жұртта - көл қорыған қызғыш күс  
Қызығыңды көп сұрайды құдайдан.



### Ол туралы әдебиеттер тізімі:

✓ Бақытжан Раисова // Алтай әуендері = Алтайские напевы [Мәтін]: хрестоматия / ШҚО мәдениет басқармасы. - Өскемен, 2005. – Б. 462 - 485.

*Аннотация:* "Алтай әуендері" деп аталар осынау хрестоматиялық жинаққа Шығыс Қазақстан облысының Алтай аумағында тұратын көзі тірі қаламгерлердің қысқаша өмірбаяндары мен Бақытжан Раисованың шығармашылығынан үзінділер беріліп отыр. Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

✓ Раисова Бақытжан // Шығыс жұлдыздары [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық : екі томдық - Астана, 2011. – Т. 1: Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары. - Б. 140.

*Аннотация:* "Шығыс жұлдыздары" деп аталатын бұл томда өңірдің танымал таланттары, әр саладағы өзіндік үні бар өкілдері, арғы-бергі тарихтағы көрнекті адамдары жайлы қысқаша өмірбаяндық деректер топтастырылған.



### Әдебиеттер тізімі:

✓ Раисова, Б. Ай патшалығы [Мәтін]: өлеңдер, толғаулар, поэмалар / Б. Раисова. – Алматы, 2012. - 308 б.

*Аннотация:* Кітапқа Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданының тумасы, ақын Бақытжан Мұхтарханқызы Раисованың өлеңдері енген.

✓ Раисова, Б. Кәусар дүние [Мәтін] : өлеңдер, аудармалар, толғаулар, поэмалар / Б. Раисова. – Алматы, 2017. - 288 б.

*Аннотация:* Автордың бұл жинағына лирикалық өлеңдерімен қатар, ел тәуелсіздігіне арналған толғау, поэмалары еніп отыр.

✓ Раисова Б. Шексізге қадалса әлсіз жанарым / Б. Раисова // Қауырсын қанат [Мәтін] : өлеңдер. - Өскемен, 2009. – Б.18-40.

*Аннотация:* Бұл кітап Шығыс Қазақстан облыстық «Шабьт» ақындар мектебінің он бес жыл толуына орай шығарылды. Кітапта аталған мектептен түлеп ұшқан, бүгінде қанаттары қатайып, өлең әлемінде өзіндік орны бар жас ақындардың, Бақытжан Раисованың шығармалары беріліп отыр.

**Мерзімдік басылым беттерінде  
жарияланған өлеңдері:**

✓ Раисова, Б. Алты арыс елдің Алтайда - адалбақаны [Мәтін] / Б. Раисова // Дидар. - 2016. - 12 ақпан (№16). - Б. 22 : фот.

✓ Раисова, Б. Боталап айдың жанары [Мәтін] / Б. Раисова // Жұлдыз. - 2013. - №6. - Б. 99-101.

✓ Раисова, Б. Аллаға алақан жаямын... [Мәтін] / Б. Раисова // Адырна. - 2017. - № 8. - Б. 5-17.

✓ Раисова, Б. Сыбызғы үнді сазынан өлеңі ескен, менің жаным сарайы шеберлердің... [Мәтін] / Б. Раисова // Қазақ әдебиеті. - 2017. - 25-31 тамыз (№35). - Б. 15.

Дүние ауысудан жалықпайды...



...Қоңыр салқын үнімен селеулердің  
Сабыр сақтап даламда кемелдендім.  
Сыбызғы үнді сазынан өлеңі ескен  
Менің жаным сарайы шеберлердің...

Тасты жарып шыққанда таудан шынар,  
Ғажабынан тірліктің арман туар.  
Күлімдесе кеудемде Күн суреті  
Бабам менің қанымен салған шығар...



## Мазмұны:

Алғы сөз.....	1
Ақын туралы айтылған ойлар .....	3
Өлеңдері.....	4
Ол туралы әдебиеттер тізімі.....	7
Әдебиеттер тізімі.....	8
Мерзімдік басылым беттерінде жарияланған өлеңдері.....	9
Дүние ауысудан жалықпайды.....	10







Өскемен қаласы,  
Космическая көшесі, 6/2  
Шығыс Қазақстан облыстық балалар  
және жасөспірімдер кітапханасы  
Ақпараттық-библиографиялық орталық  
*e-mail: childrenlibrary@host.kz*

## Бақытжан Раисова

### «Туған жер»

Көк сағым көз алдымда дірілдеген.  
Нұр төгіп көк кірпігі ілінбеген:  
Армысың, алтын қанат туған  
жерім,  
Тасынын ауырлығы білінбеген.  
Бастаудан бас ала алмас мөлдір  
сезім,  
Кәусардан қандыратын келді кезің.  
Жауһарын сұлу жердің көріп  
тұрып.  
Гауһарын асыл ойдың берді сезім.

### «Родная земля»

Приветствую тебя, золотые крылья  
родной земли!  
И ручьи прозрачны, и камешки  
твои легки.  
Пою я о тебе, мой прелестный  
край!  
Чувствами своими меня согревай!  
Как жемчуг в каратах слова  
собираю,  
Новый мир с каждым днем я  
открываю.  
Как золотогривый тулпар вверх  
взмывай,  
Родная земля, ты всегда  
процветай!

**Құрастырған және компьютерде өндеген:**

**А.А.Алимкулова**

*жоғары дәрежелі библиограф*

**Жауапты: К. Б. Мукашева**

*кітапхана директорының міндетін атқарушы*

**Тексерген: А. Н. Абдакерова**

*аудармашы*